

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ГЕОГРАФИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

Джанабаева Қаламқас Абайқызы

kalamkaszanabaeva9@gmail.com

География педагогтерің даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

География мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігі нәтижелі оқытудың кілті болып табылады. «Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе? Сондықтан кәсіби шеберлігі шындалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу ұстаздан нені талап етеді десек, ол мұғалімнің шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді. Жоғары мәдениетті адам ғана осы қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді, табады. Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсырысы.

Әр сабағына өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Оқушылардың дүниетанымын ғана емес, табиғат, қоғам, адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастарды түсінуде география пәнінің мұғалімдері басты рөл атқарады. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін тиімді оқытуға ықпал ететін білім, білік және дағдыларды қамтитын белгілі бір педагогикалық құзыреттілік деңгейі болуы қажет. Бұл мақалада география пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігінің негізгі аспектілерін және олардың оқу процесіне әсерін қарастырамыз.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

География пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігінің бірінші және, мүмкін, ең маңызды аспектісі оның пән саласындағы білімі мен тәжірибесі болып табылады. Табысты география мұғалімі географиялық ұғымдарды, процестер мен құбылыстарды терең түсінуі, сонымен қатар география саласындағы соңғы ғылыми жаңалықтар мен тенденциялардан

хабардар болуы керек. Бұл оған студенттерге ақпаратты сенімді түрде жеткізуге ғана емес, сонымен қатар сабақтарды қызықты және өзекті етуге мүмкіндік береді. Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

География пәні мұғалімі білімнен басқа, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың белсенді қатысуын ынталандыруға көмектесетін әртүрлі оқыту дағдыларына ие болуы керек. Бұл интерактивті сабақтарды дамыту, заманауи білім беру технологияларын қолдану, материалдарды оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігін қамтиды.

География пәні мұғалімінің педагогикалық құзіреттілігінің тағы бір маңызды жағы оның коммуникативті дағдылары болып табылады. Оқытудың табысты болуы мұғалім мен студенттердің өзара тиімді әрекетін талап етеді, сондықтан мұғалім материалды анық және түсінікті түсіндіре білуі, диалогты сақтай білуі және мәселелерді талқылауды ынталандыруы керек.

Қорытындылай келе, география мұғалімінің педагогикалық құзіреттілігі үздіксіз дамып, жетілдіріліп отыратын процесс екенін атап өткен жөн. Мұғалімдер жаңа идеяларға, әдістер мен технологияларға ашық болуы, білімі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы, сонымен қатар кәсіби қоғамдастықтарға қатысып, әріптестерімен тәжірибе алмасуы қажет. География пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігі оқушылардың білім сапасы мен географиялық сауаттылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Терең біліммен, әр түрлі оқыту дағдыларымен, тамаша коммуникативті дағдылармен және үздіксіз кәсіби дамуға деген ұмтылысымен мұғалімдер студенттерге күрделі географиялар туралы кең көзқарас пен түсінікті дамытуға көмектесетін тиімді және тартымды оқытуды қамтамасыз ете алады. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Муравьев Е.М. Компетентностный подход как одно из оснований обновления образования//Народное образование, №5, 2003 ж
2. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007
3. Касымова Г. М. Коммуникативная компетенция в обучении ИЯ. Алматы, 2001
4. Ныязбекова К.С. Құзыреттілік - шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі. - Алматы, 2013 ж.
5. Ақитбаев Е.Т. «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары» - 2011 ж.